

## БӨЛІМ: ПББ ТЕСТТЕР

БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕН МҰҒАЛІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН  
ТАПСЫРМАЛАР ЖАУАБЫМЕНЖАРИЯЛАНДЫ  
23.04.2021ТІРЕК СӨЗДЕР  
2026, Аттестация, аттестация  
тесттері, бастауыш сынып, квалтест,  
квалтест 2026, ОЗП, озп 2026, пбб  
2026, ПББ сұрақтары, ПББ сұрақтары  
Бастауыш сынып, ұстазСІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/94748/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕН МҰҒАЛІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР ЖАУАБЫМЕН Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар Сан және ғасыр «Макроэволюция» терминін енгізген ғалым: Ю.А.Филипченко «Өсімдік түрлері» атты еңбектің авторы: К.Линней «Теңіз жүзімі» атауымен...

## БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕН МҰҒАЛІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР ЖАУАБЫМЕН

## Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

## Сан және ғасыр

«Макроэволюция» терминін енгізген ғалым: **Ю.А.Филипченко**«Өсімдік түрлері» атты еңбектің авторы: **К.Линней**«Теңіз жүзімі» атауымен белгілі: **турбинария**«Тірі қазбалардың» палеонтологиялық «мұражайы»: **Оңтүстік Америка**1 гр қара топырақта бактерия болады: **5—6млрд**1 грамм қара топырақта болатын балдыр мөлшері: **5000**1914 жылы гетерозис деген ұғымды енгізген ғалым: **Дж. Шелл**Есту мен тепе-теңдік мүшелері: **шытырман**

## А

Абиотикалық факторларға жатады: **күн сәулесі, жел, су, топырақ, ауа райы**Агроценозға жатады: **мәдени егістік, бау-бақша, жасанды биогеоценоз**

Ағаш қабығынан сырғып аққан жаңбыр суын сіңіретін тамыр: **ауа тамырлары немесе қосалқы тамырлар**

Ағаштардың сабағында өсетін пішіні малдың тұяғына ұқсас саңырауқұлақ: **діңқұлақ**

Ағзаға «PP» витамині жетіспесе туындайтын ауру: **Пеллагра**

Ағзаларды алғаш рет топтастырып жүйеге келтірген ғалым: **К.Линней**

Ағылшын ғалымы У. Робертс 1873 жылы пеницилл саңырауқұлағы бар жерде.....дәлелдеді: **бактериялардың жақсы дами алмайтынын**

Адам жұлынының ұзындығы: **42-45см**

Адам қаңқасындағы бұлшықеттер саны: **600**

Адам қаңқасындағы қозғалмайтын сүйек: **ми сауытының сүйектері**

Адам миының салмағы: **1300-1400 гр**

Адам өмірінің 3 жастан 6-7 жасқа дейінгі кезеңі: **естияр**

Адам терең тыныс алғанда жұтылатын ауаның мөлшері: **1500 мл**

Адамда соқырішек болады: **рудимент**

Адамның бел омыртқа саны: **5**

Адамның мойын омыртқаларының саны: **7**

Адамның шығу тегін, тарихи даму кезеңдерін зерттейтін ғылым саласы: **антропология**

Адамның экологиялық ұғымдарды түсіну, ұғу деңгейінің көрінісі: **экологиялық мәдениет**

Акула мен дельфиннің дене пішіндерінің ұқсастығын анықтайтын эволюциялық заңдылық: **конвергенция**

Ақ аю үшін шектеуші фактор: **Температура**

Алабота тұқымдасына жататын өсімдік: **Қызылша**

Алдыңғы аяқтары ескекке айналған: **жүзетін құстарда**

Алқа тұқымдасына жататын нағыз улы өсімдік: **меңдуана**

Алқа тұқымдасына жататын улы өсімдік: **меңдуана**

Алқа тұқымдасына жататын улы өсімдік: **меңдуана**

Альвеолалар қабыспайды: **Қабықша тұрақты көлем сақтайды, Ауа**

**көпіршіктеріне тірек береді, Эпителий жасушаларынан тұратын қабықшасы бар**

Анализатор ұғымын енгізген ғалым: **И. П. Павлов**

Аналық бездерден бөлінетін гормон: **Экстрогендер**

Аналық бездердің салмағы: **5-8г**

Аналық гүлдер бір өсімдікте, аталық гүлдер екінші гүлде демалса, олар: **екі үйлі**

Аналық жыныс жасушасы: **жұмыртқа жасуша**

Аналық жыныс мүшелерінің ауруын емдейтін дәрігер: **Гинеколог**

Аналықтың ең негізгі бөлігі: **жатын**

Ананың жүктілік мерзімі: **280 тәулік**

Анафазада: **хромосомалар екі жақ полюсіне тез жылжиды**

Антропогендік факторлар: **тыңайтқыштарды себу, атом қарулары, кешендерді салу, жарылғыш заттар, ҒТП-тің дамуы, кен орындарын ашу**

Аралық форма: **үйректұмсық**

Арқа омыртқаларының саны: **12**

Асбұршақ жемісі: **бұршаққап**

Асқабақ тұқымдасы: **Қияр**

Асқабақтар тұқымдасындағы нағыз жидекті өсімдік: **итжүзім**

Асқазан сөлінің негізгі ферменттері: **пепсин, липаза**

Асқазанда жартылай қорытылған ас алдымен қайда түседі: **ұлтабарға**

Асқорыту бездерінің ішіндегі ең үлкен без: **бауыр**

Асқорыту мүшелерінің сыртқы қабаты түзілген: **дәнекер ұлпадан**

Астық тұқымдас азықтық, малазықтық, техникалық, құрғақшылыққа төзімді өсімдік: **құмай**

Асыранды тауықтың арғы жабайы тегі: **Банкив тауығы**

Ата тегіндегі белгілердің ұрпағында қайталануы: **атавизм**

Аталық бездерден түзілетін жасуша: **Сперматозоидтар**

Аталық және аналық жыныс жасушаларының қосылуы: **ұрықтану**

Аталық жыныс жасушаларының даму процесі: **сперматогенез**

Аталықтарының 9 жіпшесі бірігіп, 1 жіпшесі бос қалатын тұқымдас: **бұршақ**

АТФ молекуласын синтездеуге қатысатын, дән немесе түйіршік формалы органоид: **митохондрия**

Аш ішекте қорытылмаған заттар.....өтеді: **тоқ ішекке**

Ашытқы саңырауқұлағының ерекшелігін сипаттайтын ұғымдар: **сүт, шарап, нан ашыту үшін пайдаланады, денесі бір жасушадан тұрады, жіпшумақтары болмайды, қантты спирт пен CO<sub>2</sub> айналдырады, бүршіктену арқылы тез көбейеді**

Аяқсыз қосмекенділер өкілі: **Сақиналы құртпошым**

Аяқсыз қосмекенділер: **Кұртпошым**

**Ә**

Әйел организміне аналықжыныс гормондары әсер етеді: **аналық тип бойынша қалыптасуына**

Әрі асқорыту,әрі тыныс алу мүшесі: **жұтқыншақ**

**Б**

Бағалы нәруыздар кездесетін тағам: **сүт**

Бактериофаг денесінің бөліктері: **өсінді, бас, құйрық**

Бактерия жасушасы бөлінеді: **20-30 минут сайын**

Бактерия жасушасына енетін вирус: **бактериофаг**

Бактериялар тудыратын аурулар: **баспа, туберкулез, дизентерия, сальмонелла**

Бактериялардың өсімдіктерді зақымдауы: **бактериоз, гоммоз**

Бақбақ өсімдігінің тұқымдасы: **күрделі гүлділер**

Балдырларды зерттеумен шұғылданатын ботаника бөлімі: **альгология**

Балық дернәсілі: **Шабак**

Бамбуктың маңызы бар: **қағаз өндіруге шикізат ретінде**

Бауырдан бөлінген өт түседі: **ұлтабарға**

Бауырдан бөлінетін сұйықтық: **өт**

Бәсекелестік түрлері: **репродуктивті, топикалық, түрішілік қоректік, трофикалық**

Беденің құрғақ жемісі: **бұршаққап**

Белгілердің тұқым қуалау заңдылықтарын және олардың өзгергіштіктерін зерттейтін ғылым: **генетика**

Берілген мәліметтердің ішіндегі дұрысы: **Ең үлкен ұшатын құс-Африка дуадағы, Құрлықтағы ең биік сүтқоректі - жайлаң, Ұзақ жұмыртқа басатын құс - альбатрос, Улылығы ен күшті бақа - кокои**

Беттің қозғалмайтын сүйегі: **Үстіңгі жақ**

Бидай мен қарабидайдың гүлшоғыры: **күрделі масақ**

Бидай тұқымы: **Дәнек**

Бидайдан кейінгі екінші орын алатын өсімдік: **күріш**

Бриологияның негізін қалаған: **И.Гедвиг**

Бронхылардың ерекшелігі: **жіңішке бронхиолаларға айналады, оң және сол жақ өкпеге кіреді, көп тармаққа бөлінеді**

Бұлшықеттің құрылымдық бірлігі: **миофибрилла**

Бұршақ тұқымдас азот жинағыш өсімдік: **беде**

Бүйректің құрылымдық және қызметтік бірлігі: **нефрон**

Бүйректің орналасуы: **бел омыртқаның екі жағы**

Бүлдіргеннің тұқымдасы: **раушангүл**

Бүрдің етті бөлігінен дәмді мармелад дайындалатын өсімдік: **кәдімгі арша**

Бүркемелеу реңіне жатады: **жасыл шөптегі жасыл шекшек**

Білектегі сүйек: **кәрі жілік**

Бір организм екінші есебінен тіршілік етіп, зиян келтіретін тұрарлық қатынас: **құрттың жапырақты кеміруі, арамсояудың сабақтағы қоректі сіңіруі, бауырда эхинококктың болуы, діңқұлақтың ағаш сабағында өсуі, масақтарда қаракүйе спорасының жетілуі, дернәсілдің ұлудың денесінде жетілуі**

Бір тұқымды жеміс: **алхоры**

Бір түрдегі даралардың сыртқы және ішкі белгілерінің ұқсастығын анықтайтын критерий: **морфологиялық**

Бір түрдің зат алмасу, көбею, тітіркенгіштік, т.б ұқсастығын сипаттайтын критерий: **физиологиялық**

Бір ұялы, тұқым саны біреу немесе бірнешеу болатын құрғақ жеміс: **бұршаққап**

Бір үйлі өсімдік: **қарағай**

Біржасушалы жасыл балдыр: **хлорелла**

Біржасушалы саңырауқұлақ: **ашытқы**

Вирус тудыратын аурулар: **сал ауруы, ұшық, тұмау**

## **Г**

Гаттерия жыныстық жағынан жетіледі: **20 жылда**

Гендердің ығуы құбылысын сипаттаған ғалымдар: **Д.Д. Ромашев, Н.П. Дубинин**

Гендікмутация да: **Нуклеотидтердің орналасу реті өзгереді**

Генетика терминін 1906 жылы ғылымға енгізген ағылшын биологы: **У.Бэтсон**

Генотипі ааВВ болатын дарақтарда түзілетін гаметалар: **аВ**

Гесперидий (померанец) тобына жататын өсімдік: **Апельсин**

Гетерозиготалы қара тұқымды екі өсімдікті шағылыстырғанда, олардың ұрпақтарында қара және ақ тұқымды өсімдіктер болды. Ұрпақ генотипін анықтаңыз: **1:2:1**

$G_2A_3Ж_{(3)}$  гүлінің формуласы тән тұқымдас: **астық**

Гомологты хромосомаларда конъюгация процесі жүретін саты: **зиготена**

Грек жаңғағы мен кокос пальмасының жемісі: **сүйекеті**

Гүл: **түр өзгерген өркен**

Гүлдері сағақсыз бекінеді: **жай масақ**

Гүлдің гүлсерігі: **күлтесі мен тостағаншасы**

Гүлдің гүлсерігі: **күлтесі мен тостағаншасы**

Гүлдің жеміс түзуге қатысатын негізгі бөлімі: **аналық**

Гүлдің жіңішкерген жерін белгілеңіз: **гүл сағағы**

Гүлдің көбеюге қатысатын бөлігі: **Аталығы**

Гүлінің формуласы  $*G_{3+3}A_{3+3}Ж_{(3)}$  болатын өсімдік басты пияз: **орамжапырақ**

## **Д**

Дайын органикалық затпен қоректенетіндер: **Гетеротрофтар, Саңырауқұлақ**

Дара жынысты паразитті құрт: **ішек сорғыш**

Даражарнақты класына жататын тұқымдас: **Астық**

Даралардың бір ғана белгісінің бұрынғы қалыптасқан орташа деңгейден ауытқуы байқалатын табиғи сұрыпталу түрі: **қозғаушы**

Дән тәрізді хроматофорлары жасуша қабықшасына жақын орналасатын балдыр: **қоңыр балдыр**

Дегенерация құбылысының сипаты: **мүшелерінің жойылуы, қарапайымдалуы**

Дене пішіні созылыңқы, әрі құйрығы айқын байқалатын қосмекенділер: **саламандра**

Дене, доға және өсінді бөлімдерінен тұратын сүйек: **омыртқа**

Денедегі жаңарып бөлінбейтін жасушалар: **Нейрондар**

Дені сау ересек адамның дене температурасы: **+36,5°C, +36,9°C**

ДНҚ үзінділерін біріктірген фермент: **Лигаза**

Доғалы жүйкелі жапырақ тақтасы бар өсімдік: **жолжелкен**

Доминантты белгі: **Жарыққа шығатын**

Діңқұлақ зақымдайды: **ағаш сабағын**

## **Е**

Егер өсімдікке фосфор жетіспесе, онда: **жемістің түзілуі баяулайды**

Екі жапырақтан бір-біріне қарама-қарсы бекінетін өсімдік: **үйеңкі**

Екі жасқа келгендегі бала тісінің саны: **20**

Екі үйлі қылқан жапырақты бұта: **кәдімгі арша**

Екі үйлі өсімдік: **қарасора**

Ерекше органикалық қышқыл бөліп шығаратын тамыр: **емізк**

Ересек адамның жүрегінің салмағы: **250-300 г**

Ерте замандардан бері сақталып келе жатқан балықтардың көне өкілі: **Латимерия**

Есту мүшесінің бөлімдері: **3**

Еті өте дәмді болғандықтан, оны кейде «патша балығы» деп атайтын балық: **бахтах**

## **Ж**

Жабайы итмұрыннан шығарылған іріктеме: **раушан**

Жабықтұқымдылардың жер бетінде таралған саны: **250 мың**

Жай шатырлы өсімдік: **пияз**

Жалпақ құрттар: **Екі жақты симметриялы, үш қабатты, көпжасушалы жәндіктер**

Жалпақ сүйек: **Жауырын сүйек**

Жалпы күрек тістердің саны: **8**

Жамбас қуысындағы алмұрт пішінді бұлшықетті мүше: **жатыр**

Жамбас қуысындағы тік ішектің алдыңғы жағында орналасқан бұлшықетті мүше:

### **Қуық**

Жануар жасушасының сыртқы қабықшасында болады: **гликокаликс**

Жануарлардың қазба қалдықтарын зерттейтін ғылым: **Палентология**

Жапонияда көкөніс ретінде тамаққа пайдаланатын балдыр: **Порфира**

Жапырағы доға жүйкелі өсімдік: **інжугүл**

Жапырағы қатар жүйкеленген өсімдік: **бидай**

Жапырағы мен бүршігі бар бұтақтанбаған жас сабақ: **өркен**

Жапырағы мұртшаға айналған өсімдік: **асбұршақ**

Жапырақ жасушаларының 2/3 бөлігі судан тұратын мүк: **Сфагнум**

Жапырақ сағағына ұқсаған гүлдің жіңішкерген жері: **Гүлсағағы**

Жапырақ тақтасы қауырсын тәрізді бірнеше қайтара тілімденген: **қырықжапырақ**

Жапырақ тақтасының пішіні жебе тәрізді: **Шырмауық**

Жапырақта түзілген органикалық заттарды басқа мүшелерге жеткізеді: **сүзгілі түтік**

Жапырақтары мұртшаға айналған өсімдік: **Асбұршақ**

Жапырақтың 2/3 бөлігін су жинайтын, өлі жасушалары бар өсімдік: **сфагнум**

Жапырақтың қызметі: + **газ алмастырады**

Жарты ай пішінді бір-бірімен жанасқан екі жасуша: **жанаспалы**

Жарық пен дыбысқа жылдам реакция көрсетуді қамтамасыз ететін ми бөлімі:

### **ортаңғы ми**

Жарық сәулесін өткізеді: **қасан қабық**

Жарық түскенде заттың түсін ажырататын рецептор: **құтыша**

Жасанды тыныс алдыру кезінде көрсетілетін апғашқы көмек: **бет орамал арқылы**

**аузы мен мұрнына ауа үрлеу, жүрекке массаж жасау**

Жасөспірімдердің қарқынды жетілуі: **Акселерация**

Жасуша қабықшасын түзуге қатысатын элемент: **фосфор**

Жасушааралықтары кең, хлоропласталары көп ұлпа: **фотосинтездеуші**

Жасушада ион түрінде кездесетін элемент: **натрий**

Жасушалары бір-біріне тығыз жанасқан ұлпа: **жабын ұлпа (өң)**

Жасушаның бөлінуіне қажетті заттар күшті қарқынмен жинақталатын кезең: **синтез алдындағы**

Жасушасыз тірлік құрылым: **Вирус**

Жасушасының қор заты-май және қантты заттар болатын балдыр: **қызыл балдыр**

Жасыл балдырлардың хроматофорында фотосинтездің нәтижесінде түзіледі: **Крахмал**

Жасыл мүк топыраққа бекінеді: **ризоидпен**

Жасыл түсті, гүлдің сыртында бірікпеген жеке немесе біріккен жапырақшалар: **тостағанша жапырақ**

Жасыл түсті, гүлдің сыртында бірікпеген жеке немесе біріккен жапырақшалардан тұратын гүл бөлігі: **тостағанша**

Жеке гүлдері орталықтан таралатын сабаққа гүл сағақтары арқылы кезектесіп бекінетін гүлшоғыр түрі: **шашақ**

Жемтамырлы өсімдік: **сәбіз**

Жемістері көп сүйекті жинақталған жеміс: **бүлдірген**

Жер бетіндегі ең қомақты да салмақты ағаш: **алып секвойядендрон**

Жер тарихының алғашқы кезеңінде тек химиялық эволюция жүріп отырғандығы туралы болжам жасаған: **А.И. Опарин**

Жидек жемісті өсімдік: **қызанақ**

Жидек тәрізді жемістері бар өсімдік: **мандарин**

Жоғары сатыдағы саңырауқұлақтар: **қозықұйрық, арышқұлақ, ақ саңырауқұлақ**

Жолат пен жолбарыс денесіндегі жолақтар: **бөлшектену реңі**

Жорғалаушылардың тыныс алу мүшесі: **Өкпе**

Жұмыртқа жасушасының дамуы: **Овогенез**

Жүгерінің отаны: **Орталық Америка**

Жүзім жемісінің аталуы: **жидек**

Жүзім жемісінің атауы: **жидек**

Жүйке ұлпасы нейрондарының қызметі: **ақпаратты қабылдау, беру, сақтау**

Жүректің үштен екі бөлігі орналасады: **кеуденің сол жағында**

Жыныс жасушаларындағы хромосомалар саны: **23**

Жыныс жасушаларының дамуы: **гаметогенез**

Жік арқылы байланысқан сүйек: **бассүйек**

### **З**

Зат алмасу, жүрек қантамырлар жүйесі, зәр шығару мен ұйқы қызметін реттейтін ми: **аралық ми**

Зәр шығаратын түтік пен қуықтың қабынуы: **цистит**

Зәрдің сарғыш түсті болуы неге байланысты: **урохран пигментіне**

Зең саңырауқұлағы: **аспергилл, пеницилл**

Зиготадағы хромосома саны: **46**

### **И**

Иммундық жүйенің орталық мүшесі: **айырша без**

Иммунология ғылымының негізін салушы: **И.И.Мечников**

Итмұрын гүлінің формуласы:  **$T_{(5)} K_5 A_8 J_8$**

Иық белдеу сүйектері: **бұғана, жауырын**

Иық белдеуін қозғалысқа келтіретін бұлшықет: **дельта тәрізді**

Иық белдеуінің сүйектері: **бұғана, жауырын**

### **К**

Кариокинез: **Ядроның бөлінуі**

Кез-келген анализаторлар үш буыннан тұратынын дәлелдеген ғалым: **И. Павлов**

Кеуде қуысын түзуші омыртқалар: **арқа омыртқасы**

Кеуде қуысының қабырғасына жанаса орналасқан жұп серпінді, борпылдақ мүше:

## **Өкпе**

Кеуде қуысының қабырғасына жанаса орналасқан серпінді, борпылдақ мүше: **өкпе**

Көз алмасының пішіні: **шар**

Көз алмасының торлы қабықшасы: **жарықты сезетін рецепторлар орналасады**

Көздің қосымша аппараттарына жатады: **қабак, кірпік**

Көздің қосымша бөлігі: **көз жас бездері**

Көздің ішкі қабаты: **Торлы қабықша**

Көмейге тән: **сөйлеуге қатысады, тыныс алуға қатысады, дыбыс сіңірлері орналасқан**

Көп бөлігі оң жақ қабырға астында орналасқан ен үлкен без: **бауыр**

Көп сүйекті жинақталған жеміс: **таңқурайда**

Көп ұялы, көп тұқымды жеміс: **меңдуана**

Көптеген улы заттарды тұтып, зиянсыздандыратын без: **бауыр**

Көпіршік жүзім салқымына ұқсас: **турбинария**

Көру аймағы орналасады: **шүйдеде**

Көсек дегеніміз мақтаның: **шала ашылған қауашағы**

Күлтесінің құрылысында өзгешелік болатын тұқымдас: **бұршақ**

Күрделі биологиялық сүзгі: **бүйрек**

Күрделі масақ гүлшоғыры бар өсімдік: **бидай**

Күрделігүл тұқымдасына жататын өсімдіктердің ортақ белгілері: **жемісі- айдарлы тұқымша, гүлшоғыры -себет, тостағанша болмайды, аналығы-біреу**

Күрделігүл тұқымдасына тән гүлшоғыр түрі: **себетгүл**

Кіндік тамыр жүйесінде негізгі тамыр өте жақсы жетіледі: **асбұршақ**

Кіндік тамырлы өсімдік: **асбұршақ**

Кіріккен күлтелілерге жататын өсімдіктер: **баклажан, қызанақ, бұрыш**

## **Қ**

Қабылдамау, қарсы тұру, ағзаның қорғану қабілеті: **иммунитет**

Қағаз дайындауға пайдаланатын ашық тұқымды өсімдік: **шырша**

Қағаз өндірісінде пайдаланылатын жасыл балдыр: **кладофора**

Қағаз өндірісінде пайдаланылатын балдыр: **кладофора**

Қазақстанда қант қызылшасы мен кендірді биологиялық сұрыптау жағынан ғылыми тұрғыда сипаттаған алғашқы ғалым: **К.Мыңбаев**

Қазақстанда қырықжапырақтың Қызыл Кітапқа енген түрі: **Шолпаншаш сүмбілі**

Қазіргі кездегі ашық тұқымдылардың түр саны: **650-ге жуық**

Қайықша ішінде 1 аналықты 10 аталық қоршап тұратын гүл тұқымдасы: **бұршақ**

Қалпақшалы саңырауқұлақтардың ағаштар тамырымен селбесуі: **микориза**

Қалыңдығы 4 мм-ге дейін болатын тері қабаты: **эпидермис**

Қамыс пен қоға тұқымдарының таралу жолы: **сумен**

Қан жататын ұлпа: **дәнекер**

Қан құрамындағы холестеринді азайту үшін медицинада қолданылатын өсімдік: **баклажан**

Қан сорғыш шыбын — цеценің тарататын ауруы: **ұйқы, нагана**

Қан тарату жүйесі түзілетін ұрық жапырақшасы: **мезодерма**

Қан ұюында маңызды рөл атқарады: **тромбоциттер**

Қанда эритроциттердің азайып, гемоглобиннің кемуінен болатын ауру: **Қаназдық**

Қанның қантамырлардың бойымен тұйық түрде ағатынын ашты: **У.Гарвей**

Қанның құрамындағы плазманың мөлшері: **55%**

Қанның ұюына қатысатын витамин: **К**

Қантышқақ жұққан адам тәулігіне бөлетін цистаның саны: **300-600**

Қаны ұйымайтын адамның қанындағы болмайтын нәруыз: **Глобулин**

Қаңқа мен бұлшықет жатады: **тірек-қимыл жүйесіне**

Қарт адамдарды зерттейтін ғылым: **Геронтология**

Қарын бездерінің секрециясын күшейтетін гормон: **гастрин**

Қарын сөліндегі фермент: **пепсин**

Қарын сөлінің құрамындағы нәруыздың ыдырауына әсер ететін фермент: **пепсин**

Қарын сөлінің құрамын, реттелуін зерттеген ғалым: **П.Павлов**

Қауырсын тәрізді торлы жүйкелену: **Тал**

Қиыршық жасушалары бар ұлпа: **тірек**

Қозғалмайтын байланысқа түсетін сүйек: **сегізкөз**

Қозғалмайтын сүйектер: **бассүйек**

Қозуды шеткі мүшелерден орталықжүйке жүйесіне өткізеді: **сезгіш нейрон**

Қол сүйегі: **кәрі жілік,тоқпан жілік**

Қол сүйектері: **тоқпан жілік, кәрі жілік**

Қол сүйектеріне жататындар: **тоқпан жілік**

Қолайсыз жағдайда бактериялар: **спора түзеді**

Қолба (құтыша) тәрізді жасушалар: **заттың түсін ажыратады**

Қоңыр балдыр: **ламинария**

Қоңыр балдырдың түрі: **1500**

Қор жинап, жуандап, түрін өзгертетін тамыр: **жемтамыр**

Қорегін денеден тысқары жерде қорытатын жәндік: **Өрмекші**

Қоректік заттарды сіңіру жүреді: **аш ішек**

Қоректік тізбекті құраушылар: **консумент, продуцент, редуцент**

Қоршаған дүниеге үлкен қызығушылық пайда болатын кезең: **мектепке дейінгі кезең**

Қос жарнақтылар тұқымдасының қор заттары жиналатын орны: **тұқым жарнағы**

Қос жынысты өсімдіктің аты: **мақта**

Қос ұялы, тұқымдары пердеге бекінген өсімдік: **Шомыр**

Қосжақтаулыларға тән белгілер: **миы толығымен жоқ, бақалшағы қос жактаулы, тек тұлға мен аяқтан құралады, тілі және жұтқыншағы болмайды, ас сифоны арқылы сүзіледі**

Қосжарнақтылар класына жатпайтын тұқымдас: **лалагүл**

Қосжарнақтыларға жатады: **Күнбағыс**

Қосмекенділер класына қатысы бар мәлімет: **кеуде қуысы болмайды, ортаңғы**

**құлақта үзеңгі сүйегі бар, сілекей бездер алғаш пайда болған, қазақстанда 12 түрі кездеседі**

Қосмекенділердің дәрнәсілерінің тынысалу мүшесі: **желбезек**

Қосмекенділердің терісі: **жұқа,тегіс,безді**

Қотыр кене тарататын тері ауруы: **қотыр**

Қуықтың артына таман кішіжамбас қуысында орналасқан алмұрт пішінді бұлшықетті мүше: **Жатыр**

Қуықтың қабынуы: **цистит**

Құлқайыргүлділер тұқымдасының түлдері: **қосжынысты, қосгүлсерікті**

Құрамында ұшқыш зат фитонцид болатын өсімдік: **сарымсақ**

Құрсақта, білекте, мойында эпидермис қабатының қалыңдығы: **0,02-0,05 мм**

Құрт тәрізді өсіндісі бар ішек: **тоқ ішек**

Құрылысы және атқаратын қызметі ұқсас, бірақ шығу тегі әртүрлі мүшелер: **аналогиялық**

Құрылысы мен қызметі жұлынға ұқсас ми бөлімі: **сопақша ми**

Қызыл балдыр жасушасының қор заты: **май және қантты заттар**

Қызылша тамырының атауы: **жем тамыр**

Қынапты жапырақты өсімдік: **Бидай**

Қыран құс: **лашын, бүркіт**

Қырықбуын тәріздестерге тән сипаттама: **жапырағы болмайды, фотосинтез жаздықөркендерінде жүреді**

Қырықбуынның.....дәрілік шикізат ретінде жинайды: **жасыл сабақтарын**

Қырықжапырақтарда топтасып орналасқан спорангийлер: **сорус**

Қырықжапырақтардың қауырсын тәрізді ірі жапырақтары: **вайя**

Қысқа сүйек: **омыртқа**

Қысқа сүйектер: **омыртқа, алақан, табан**

Қысқа сүйектерге жатады: **омыртқа**

Қысқарған өркенге жатады: **гүл**

**Л**

Лалагүл тұқымдасына жататын өсімдік: **лапыз**

Лейкоциттер түзеді: **Лимфа жүйесі**

Лейкоциттердің тез көбейіп, қан ағынын толтырып жіберуден пайда болады:  
**Лейкемия**

Лейшманияға тән: **жасуша паразиті, тері ауруын қоздырады, талшығымен қозғалады**

Лизосоманың қызметі: **макромолекулаларды ыдырату**

Лимон қышқылы алынатын саңырауқұлақ: **аспергил**

Лимфа жүйесінің қызметі: **биологиялық сүзгі**

**М**

Майлардың сіңуін тездететін витамин: **А**

Майлы қосылыстар көп болатын қабат: **гиподерма**

Мақсырдың жемісі: **тұқымша**

Мақта өсімдігінде ауру туғызатын бактерия: **гоммоз**

Мақтаның тұқымдасы: **құлқайыргүлділер**

Ми мен жұлыннан шығатын жүйке жасушаларының ұзын өсінділерінің шоғырының атауы: **жүйке түйіні**

Микробтардың әсерінен тістің дентин затының бұзылуынан болатын ауру: **тісжегі (кариес)**

Микроскопиялық өте ұсақ, қабырғасы бір қабатты: **қылтамыр**

Микроэволюцияның нәтижесі: **түрдің түзілу**

Микроэволюцияның нәтижесінде түзіледі: **түр**

Митохондрияны «биобласт» деп атаған: **Р. Альтман**

Митохондрияның негізгі қызметі: **АТФ-ті синтездейді**

Мишықтың қызметі: **қимылды үйлестіру, тепе-теңдікті сақтау**

Модификациялық өзгергіштік зерттеледі: **статистикалық әдіспен**

Мойын омыртқалардың алдыңғы жағында орналасқан мүше: **жұтқыншақ**

Мойынның алдыңғы жағында орналасқан іші қуыс шеміршекті мүше: **көмей**

Морждар, құлақты және кәдімгі тюлендердің суға бейімделу мүшелерінің дамуын анықтайтын эволюциялық заңдылық: **параллелизм**

Мутация теориясын ұсынған ғалым: **Х.Де.Фриз**

Мутация ұғымын қалыптастырды: **Де Фриз**

Мүктәріздес өсімдік: **сфагнум**

Мүктерде тамыр қызметін атқаратын мүше: **Ризоид**

Мүктерде тамырдың қызметін атқарады: **ризоид**

Мүктерді зерттейтін ғылым саласы: **бриология**

Мүктерді зерттейтін ғылым: **бриология**

Мүшелердің түзілуі: **органогенез**

## **Н**

Нарғызгүлдің тамыры: **Түйнекті тамыр**

Нәруыздар биосинтезін іске асыратын органоид: **рибосома**

Нұрлы қабықшаның дәл ортасындағы тесік: **көз қарашығы**

## **О**

Омыртқа жотасының қисаюуы: **сколиоз**

Омыртқа жотасының өзегінде орналасады: **жұлын**

Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың эмбриондық дамуын зерттеді: **Г. Шмидт**

Оң жақ жүрекше мен оң жақ қарыншасының арасындағы қақпақша: **үш жақтаулы**

Оптимум: **организмге әсер етуші қолайлы фактор, организмдер өсіп-өніп көбейеді, экологиялық фактордың қолайлысы**

Орамжапырақ тұқымдасының майлы өсімдік түрі: **арыш**

Орамжапырақгүлділер тұқымдасы гүлінің формуласы:  **$T_{2+2}K_4 A_{2+4}J_{(2)}$**

Организмдегі газ алмасу дегеніміз: **оттегінің сіңірілігі, көмірқышқыл газының шығарылуы, тыныс алу**

Организмдердің мінез-қылығының айырмашылығын анықтайтын критерий: **этологиялық**

Организмді уландырып, зиян келтіреді: **күйе, никотин, азот**

Орталық жасуша екінші аталық жыныс жасушасымен қосылып..... түзеді:  
**эндосперм**

Орталық жүйке жүйесі: **ми мен жұлын**

Орталық жүйке жүйесінен тыс нейрон денелерінің шоғырлануы: **жүйке түйіндері**

Орталық негізгі сабағы жуан және жамылғы орама жапырақтары бар өсімдік: **жүгері**

Ортаңғы құлаққа жатады: **дыбыс сүйекшелер**

Ортаңғы құлақтағы сүйекшелердің саны: **3**

Ортаңғы мидың алдыңғы жағында орналасқан: **аралық ми**

Ортаңғы мидың атқаратын қызметі: **теріде пигменттің түзілуін реттейді**

**Ө**

Өкпенің сыртын қаптайтын қабықша: **плевра**

Өкпенің тіршілік сыйымдылығы: **3500 мл**

Өркендері жер бетіне төселіп өсетін көп жылдық өсімдіктер: **хамефиттер**

Өркеннің негізгі орталық тірек бөлімі: **сабақ**

Өрмекші тәріздестердің өкілі: **Шаршылы өрмекші, Кене**

Өрмекшілер тыныс алады: **демтүтік, ауа қапшығы**

Өрмекшілердің тыныс алу мүшесі: **демтүтік, өкпе қапшығы**

Өсімдік жасуша мембранасының қызметі: **қорғаныш**

Өсімдікке азоттың жетіспеуі: **жапырағы бозарады**

Өсімдіктер мен жануарлар жасушасының цитоплазмамен тікелей байланысқан ішкі қабаты: **плазмалемма**

Өсімдіктерге жасыл түс беретін пигмент: **хлорофилл**

Өт қабының өзегі ашылады: **ұлтабарға**

Өте ертедегі құс: **археоптерикс**

**П**

Парасимпатикалық бөлім іс-әрекеті: **жылу беруді төмейдетеді**

Пепсиннің әсерінен нәруыздар ыдырайды: **қарында**

Плазмадағы қанның ұюына қатысатын нәруыз: **фибриноген**

Плаунның медицинадағы маңызы: **өтті тазартады**

## **Р**

Редуценттерге жататын ағзалар: **саңырауқұлақтар, бактериялар, детрифагтар, гетеротрофтылар**

Рибосоманың атқаратын негізгі қызметі: **нәруыз молекуласын синтездеу**

Ромбы тәрізді бұлшықет кездеседі: **арқа**

## **С**

Са элементі ағзада шоғырланған: **сүйекте**

Сабағы түп жағынан құрап, шымтезек түзетін мүк: **сфагнум**

Сабақпен тамырдың ұшындағы ұлпа: **түзуші**

Саңырауқұлақтарда, көк жасыл балдырларда, бактерияларда болмайтын органоид: **Пластидтер**

Саңырауқұлақтардың жануарға тән қасиеттері: **дайын ағзалық затпен қоректенетін - гетеретрофтылар, жасушасының қабығы нәруызды - хитинді, жасушадағы қор заты — гликогеннен тұрады**

Саңырауқұлақтың көбеюі: **спора арқылы, жынысты жолмен, жыныссыз жолмен**

Сәуленің торлы қабыққа жетпей қиылысуынан пайда болатын көз ауруы: **сығырлық**

Сәуленің торлы қабықтың сыртында қиылысуынан пайда болатын көз ауруы: **қырақтылық**

Себет гүлшоғырында әртүрлі гүлдері бар тұқымдас: **күрделігүлділер**

Сезім мүшелері пайда болатын ұрық жапырақшасы: **эктодерма**

Сенсорлық-сезімтал аймақтар орналасқан ми бөлімі: **алдыңғы ми**

Симбиоз: **актинияның шаянды қорғауы, саңырауқұлақтың ағаш тамырында өсуі, балдыр мен саңырауқұлақтың бірігуі**

Симпатикалық бөлімнің іс-әрекеті: **қан тамырларын тарылтады**

Сопақша ми мен ортаңғы миды байланыстырушы: **ми көпірі**

Сорус дегеніміз: **спорангийлер жиынтығы**

Спорангийлердің жиынтығы: **сорус**

Су мен онда еріген қоректік заттарды тамырдан өсімдіктің жер үсті мүшелеріне өткізеді: **өткізу бөлімі**

Судың сіңірілу мөлшері тұқымның.....байланысты: **сыртындағы қабығына**

Сүйек қабы арқылы сүйектер: **жуандап өседі**

Сүйекке серпімді, иілгіштік қасиет береді: **оссеин**

Сүйекке серпінді, иілгіштік қасиет беретін нәруыз: **Оссеин**

Сүйектер пішіні мөлшеріне байланысты: **3 топқа бөлінеді**

Сүйектердің қозғалмалы байланысатын жері: **буын**

Сүйекті балықтарға тән: **торсылдағы болады**

Сүйектің құрамындағы нәруыз: **оссеин**

Сүйектің ұзарып, жуандап өсуі... ұлпасы жасушаларының бөлінуіне байланысты: **шеміршек, дәнекер**

Сүрегін химиялық жолмен өңдеп, жібек жіп тәрізді жасанды талшық алынатын ашық тұқымды өсімдік: **қарағай**

Сүтқоректілердің кеуде қуысы мен құрсақ қуыстарын бөліп тұратын мүше: **көкет (диафрагма)**

Сүтқоректілердің мойын омыртқасы: **7**

Сфагнум мүгінің ақтүсті болуы: **өлі жасушаларының іші ауағатолы болуынан**

Сцифойдтардың маржандардан ерекшелігі: **жүйке, бұлшықет ұлпасы, жарық, иіс сезуі дамыған, теңіздегі дыбыс тербелісін сезгіштігі анықталған, ұрықтануы, ұрықтың дамуы ішек қуысында өтеді, пішіні қолшатырға ұқсас, суда еркін жүзеді**

Сырға гүлшоғырына жататын өсімдік: **қайың**

Сыртқы құлақ бөлігі: **дыбыс жолы**

Сыртқы құлаққа жатады: **Құлақ қалқаны**

Сыртқы орта жағдайларының әсерінен организм фенотипінің өзгеруі: **модификациялық өзгергіштік**

Сыртқы тыныс ату дегеніміз: **өкпеде озтегі мен көмірқышқыл газының алмасуы, өкпе капиллярына түскен вена қанында оттегі аз, көмірқышқыл газының көп болуы, өкпедегі газ алмасудың диффузиялануы**

**Т**

Табақша тәріздестер: **цианеа**

Тамыр бөліміне жатпайды: **Тамыр оймақшасы**

Тамыр оймақшасының қызметі: **Нәзік жасушаларды қорғайды**

Тамыраяқты қарапайымдылар: **бақалшақты амеба**

Тамырдың карқынды өсу мезгілі: **көктемде**

Тамырдың қызметі: **суды және онда еріген тұздарды сабаққа өткізеді**

Тамырлы қабақтың алдыңғы жағы: **нұрлы қабық**

Таспа пішінді хроматофоры оралма тәрізді жасыл балдыр: **Спирогира**

Тәулігіне адамға 1,5-2,5л.....қажет:**су**

Тек күлте жапырақшалары бар өсімдік: **қызғалдақ**

Тең споралы, тармақталған сабағы жерге төселетін өсімдік: **шоқпарбас плаун**

Теңізде толқынның әсерінен жағаға шығып қалған балдырлар қолданылады:  
**Тыңайытқыш есебінде**

Терек тұқымы таралады: **жел арқылы**

Тері ауруларын емдейтін дәрігер: **Церматолог**

Тері күйгенде көрсетілетін алғашқы жәрдем: **салқын сумен шайып, марганцовканың әлсіз ерітіндісімен сүрту керек**

Теріде болатын ерекше заттардан күннің ультракүлгін сәулелерінің әсерінен түзілетін витамин: **D**

Теріде қышыма қотыр ауруын тудырады: **Кене**

Терінің дерма қабаты.....ұлпасынан тұрады: **дәнекер**

Терінің сыртқы қабаты: **эпидермис**

Тиса қылқанының тіршілік ету ұзақтығы: **6-10 жыл**

Тоқ ішектің ұзындығы: **1,5-2м**

Толарсақтағы ең ірі сүйек: **өкше**

Топырақ микрофаунасының өкілдері: **кірпікшелілер, жалғанаяқтылар, талшықтылар**

Торсылдағы бар балық: **Сазан**

Тостағаншаныңатқаратын қызметі: **Гүлдің ішкі бөліктерін қорғайды**

Тұқы тұқымдасының өкілдері: **Табан, Мөңке, Тұқы, Сазан**

Тұқым қуалаушылықтың заңдылықтарын зерттеген кезде Г.Мендель қандай тәсіл қолданды: **гибридологиялық**

Тұқымбүршігі аналық жатынының ішінде түзіледі: **жабықтұқымдыларда**

Тұқымшаның дәнектен айырмашылығы: **жеміс серігі тұқымымен бірікпеген**

Тұқымымен көбейеді, бірақ жеміс түзбейтін өсімдіктер: **ашықтұқымды**

Тұлға қаңқасы неден тұрады: **омыртқа жотасы, қабырға, төс сүйегі**

Тұлға қаңқасы неден тұрады: **омыртқа жотасы, қабырға, төс сүйегі**

Түбіртектің жалған түбіртектен айырмасы: **түбіртектің белдеушесі бар**

Түйнек тамырдан жемтамырдың айырмашылығы: **негізгі тамырға қор заты жиналады**

Түйнек тамырдан жемтамырдың айырмашылығы: **негізгі тамырға қор заты жиналады**

Түр критерийлерінің бағыттары: **морфология, физиология, генетика,экология**

Түрдің қалыптасуына әкелетін үрдіс: **Микроэволюция**

Түрін өзгерткен шырынды, қысқарған жер асты өркен: **пиязшық**

Тығыз мүйізді түзіліс: **тырнақ**

Тыныс алу жүйесінің мүшелеріне жатады: **мұрын қуысы, көмекей, өкпе**

Тыныс алу мүшелеріне жатады: **мұрын қуысы, аңқа, көмей, кеңірдек, ауатамырлар, өкпе**

Тыныс алу, тыныс шығару орталығы орналасады: **Сопақша мида**

Тыныс алудың гуморальдық реттелуі: **адреналин және тироксин гормондары тыныс орталығының іс әрекетіне гуморальды әсер етеді, миға ағатын қандағы көмірқышқыл газы концентрациясының артуы тыныс орталығын қоздырады**

Тыныштық күйінде адам тыныс алғанда шамамен жұтылатын ауа мөлшері: **500мл**

Тізе буынын жазатын бұлшықет: **санның төрт басты бұлшықеті**

Тіл ұшының сезетін дәмі: **тәттіні**

Тілдің артқы бөлігі сезеді: **ащыны**

Тілдің ұшы сезеді: **тәттіні**

Тірек-қимыл жүйесін құрайды: **қаңқа және бұлшықет**

Тірек-қимыл жүйесіне жатады: **бұлшықеттер**

Тіс сауытының сыртын қаптайтын зат: **Кіреуке (эмаль)**

Тістің өте тығыз сүйекті ұлпасы: **Дентин**

**У**

Уланудың белгілері: **іш өту**

**Ұ**

Ұзақ уақыт аралығында популяцияларда қалыптасқан белгілердің орташа көрсеткіштерін сақтап қалуға бағытталған табиғи сұрыпталу түрі: **тұрақтандырушы**

Ұзын сүйектер: **Кәрі жілік**

Ұрықта қалыптасып, өркеннің барлық мүшелері түзілетін бүршік: **төбе**

Ұрықтың алғашқы 4 айға дейінгі дамуы: **ұрықтық**

Ұрықтың дамуын зерттейтін ғылым: **Эмбриология**

Ұшатын құстардың алдыңғы жағында қырланып дамыған сүйек: **қыртөсі (киль)**

**Ү**

Үлкен қан айналым басталады: **Сол жақ қарынша**

Үлкен тесігі бар бас сүйек: **шүйде**

Үшінші және төртінші саусақтары жақсы дамыған: **маралда**

**Ф**

Фагоцитоз құбылысын ашты: **И.И. Мечников**

Фотосинтез барысында жапырақта түзіледі: **глюкоза**

**Х**

Халқымыз «екінші нан» деп атайды: **картопты**

Халықтың «тіршілік шөбі» деп атайтын ерінгүлділер тұқымдасына жататын өсімдік: **сәлбен**

Хламидомонаданың жасуша қабықшасы иеден тұрады: **жасунықтан**

Хроматофоры жалпақ білезік тәрізді көпжасушалы жасыл балдыр: **Улотрикс**

Хромопластары бар өсімдіктің бөлігі: **Сәбіздің жемтамырында**

Хромосома жиынтығында ауытқу болатын мутация түрі: **теномдық**

## **Ц**

Цитология ғылымы зерттейді: **жасушаларды**

Цитоплазмалықтұқым қуалауды зерттеген ғалымдар: **К.Корренс пен Э.Баур**

## **Ч**

Ч.Дарвин тіршілік үшін күрестін.....түрін анықтады: **З**

## **Ш**

Шала түрленіп дамиды бунақдене: **шегіртке, шекшек**

Шаршыгүлділер тұқымдасының жемісі: **бұршаққын**

Шашақ тамырлы өсімдік: **сарымсақ**

Шашақтамыр жүйесі бар өсімдік: **жүгері**

Шаянтәрізділерге: **дулығар, циклоп, дафния**

Шеміршекті балықтар класының өкілдері: **тұтасбас, скат, акула**

Ширақ балапан шығарады: **қаз**

Шұбалшаңның зәр шығару мүшесі бултықтардың әрқайсысында орналасады: **Екі-екіден**

Шықшыт сілекей бездерінің қабынуынан туындайтын ауру: **паратит**

Шымтезек мүгінің басқа мүктерден айырмашылығы: **ризоиды болмайды**

Шырынды жеміс: **қызанақ**

Шырынды жемістердің бөлінуі: **жидек, жидек тәрізді, сүйекті**

Ылғалы мол жерде өсетін өсімдіктер: **гигрофиттер**

## **І**

Інжугүл мен жолжелкен жапырақтарының жүйкелену түрі: **доғалы**

Ірі гүлдері жеке-жеке орналасып, шашақ гүлшоғырын түзетін және жемісі-қауашақ болатын тұқымдас: **лалагүлділер**

Ірі жүйелік топтардың (тип, класс, отряд) қалыптасу процесі: **макроэволюция**

Ірі ядролы, түссіз қан жасушалары: **лейкоциттер**

**Э**

Эктодерма қабатынан түзіледі: **сезім мүшелері**

Эктодерма ұрық жапырақшасынан түзіледі: **жұлын**

Энцефалит ауруын тудырушы: **кенелер**

Эритроциттер бұзылады: **Бауырда және көк бауырда**

Эритроциттер жойылады: **көкбауыр мен бауырда**

Эритроциттерге тән белгі: **ядросы жоқ**

### **Мәнмәтіндік тапсырмалар**

Асқабақ тұқымдастар ұзын сағақты, жай жапырақты болады. Өркендері шырмалып немесе төселіп өседі. яғни олар — жатаған сабақты өсімдіктер Бұлардың сабағында мұртшалары бар. Мұртша-өзгерген өркен. Гүлдері жапырақ қолтығында, шашақты гүлшоғыр түрінде немесе жеке өседі. Асқабақ тұқымдастар тропиктік, субтропиктік елдерде таралған.

**А**

Асқабақ тұқымдастарға жататын дәрілік өсімдік, халықтық медицинада тамырын іш босатуға пайдаланады: **итжүзім (переступень)**

**Б**

Бақшада өсірілетін мәдени өсімдік. Жемісі — қабақ (тыквина). Қабақ жемісінің сырты қатты, шырынды, көптұқымды, жапырақтары ірі. Жемісінің ең ірілерінің салмағы 100 кг дейін жетеді, тағамдық, дәрілік малазықтық біржылдық шөптекті өсімдік. Бұл өсімдік: **асқабақ**

Бір тұқымды асқабақ тұқымдас өсімдік: **мексикалық қияр**

**Ж**

Жемісі нағыз жидекті өсімдік: **итжүзім**

**Т**

Тұқымынан 25-30 % тағамдық май алынатын өсімдік: **қауын**

### **Мәнмәтіндік тапсырмалар**

1900 жылы Австрия патология маманы Карл Ландштейнер әрбір адамның

күретамырынан инемен еппен бірнеше миллилитр қан алып, оны солғын сары түсті жартылай мөлдір қан сарсуы мен қызыл жасушаға бөліп, бес адамның қан сарсуын өзара алмастырып тамызу арқылы және өзінің қызыл клеткасына тамызу арқылы қан сарсуы өз қызыл жасушасына тамызғанда ұйымайтындығын, ал басқа адамның қызыл клеткасына тамызғанда кейбірі ұйып, кейбірі ұйымайтындығын байқайды.

Ландштейнер бұдан әр адамның қаны ұқсас емес, яғни қан тобы ұқсамайды деген қорытындыға келеді. Осылайша, ол қанның А, В, О қатарлы үш түрлі типін табады. Кейін оның шәкірті Дикастро тағы да АВ қан тобын тауып, жиыны төрт түрлі қан тобы бар екенін байқайды. Қан тобы ұқсамайтын адамның қанын күйганда белок пен қызыл клетканың тұнуы және ұюы арқылы қан іртіктеліп, науқас адамның жанын жалмайтын болып шықты.

## **Е**

Егер шешесінің қаны II топ, ал әкесінің қаны IV топ болса, балаларының қан тобы қандай болады: **II, IV**

## **Қ**

Қан тобы АВ белгісі: **төртінші топ**

Қан кеткен адамға 0,9% NaCl ерітіндісін құяды, егер ерітіндінің құрамын төмен (0,25) немесе жоғары (2,0) өзгертсе: **мембраналар жарылады, эритроциттер тіршілігін жояды**

Қаны I топқа жататын адамдардың эритроциттерінде: **агглютиноген болмайды**

Қаны II топқа жататын адамға \_\_ топ қанын құяды: **I-II**

## **Мәнмәтіндік тапсырмалар**

Топырақты тыңайту үшін тек химиялық қоспаларды қолдану топырақта артық тұздардың жиналуына әкеп соғады. Сондықтан табиғи әдістерді қолданған жөн. Қарапайым әдіс: күзде бұршақтұқымдас (асбұршақ, бұршақ, жоңышқа) өсімдіктерді егіп, өсімдік өсіп шыққан соң, сабағын 5-6 сантиметр етіп қырқады.

## **А**

Азот пайда болуы: **өсімдік тамырында түйнек бактериялар бар**

## **Б**

Бұршақ тұқымдастар топырақты немен байытады: **азотпен**

## **Ж**

Жемістер салмағының кемуі: **калий жетіспегенде**

**К**

Калий тынайтқышы көп болады: **күлде**

**Т**

Топырақта азот жеткіліксіз болғанда: **өсімдік баяу өсіп, ағаштардың жанама бұтақтары дамымайды**

**Мәнмәтіндік тапсырмалар**

Дәрігердің қабылдауына 9 айлық сәбиі бар әйел келді. Дәрігер тексеру кезінде сәбидің қаңқасы дұрыс қалыптаспағанын, аяқ сүйектері қисайғанын және басының үлкендігін бірден байқады. Анасының айтуына қарағанда сәбидің тісінің түзілуі кешіккен, еңбегі кеш бітелген. Сәбидің қанын зерттеу кезінде қанында кальций фосфатының төмендеуі көрсетілген.

**Ж**

Жас сәби қандай ауруға шалдыққан: **мешел**

**М**

Мешел ауруының негізгі белгісі: **қаңқасы дұрыс қалыптаспайды**

Мешел ауруының туындауы: **D витаминінің жетіспеуінен**

Мешелді емдейтін витаминнің маңызы: **кальцийды алмастырады**

Мешелдің алдын алу үшін: **күн сәулесіне шынығу**

**Мәнмәтіндік тапсырмалар**

Бунақденелілер табиғатта ең көп тараған тіршілік иелері, олардың саны 700 мыңнан асады. Бунақденелілердің табиғатта алатын орны ерекше, себебі табиғаттағы зат айналымда олардың маңызы зор: топырақтың түзілуіне қатысады, өсімдік пен жануарлардың қалдығын ыдыратады, өсімдіктерді тозаңдандырады. Бунақденелілердің зияны да көп, олармен күресуде адамдар түрлі жолдарды ойлап табуда.

**А**

Ақтеңбіл дәуіт пайдалы бунақдене, аналығы жұмыртқасының дамуына қажетті нәруызды.....жеп толықтырады: **аталығын**

**Б**

Бунақденелілерді зиянкестерге қарсы қолдану қандай әдіс: **биологиялық**

Бунақденелілердің табиғи жауы: **трихограмма**

Бір илеудегі құмырсқалар бір күнде қанша мың зиянкеспен крректенеді: **18**

## **П**

Пайдалы бунақдене: **шаншар**

### **Мәнмәтіндік тапсырмалар**

Денсаулығына шағымданған науқас дәрігерге келді. Ол өзгелер сияқты жылдам қозғала алмайды, себебі оның сүйектерінің нәзіктігі сонша, оқыс қимылдап, құлап қалса аяқ-қол сүйектері бірнеше жерден сынып, зардап шегеді.

## **Сан**

2 жасар Дәулет енді ғана тзй-тәй басып жүре бастады. Басы үлкен, қарны қампиған, аяғын талтайта басады. Ата анасы «Біздің Дәулеттің басы үлкен, миы көп, жақсы жұмыс істейді» деп қалжыңдайды. Дәулеттің өз қатарластарынан кеш жүре бастауы: **Дәулеттің сүйектері жетілуіне кальций және фосфор тұздары жетіспейді**

## **А**

Адамның 25 жасына дейін сүйек ұзарып өседі. Ал сүйектің жуандап өсуі және ауырсынуды сезгіштік қасиеті неге байланысты: **сүйек жасушаларының бөлінгіштігіне және жүйкемен қамтамасыз етілуіне**

## **Б**

Бір оқушы «сүйек-күрделі тірі мүше» деп дәледдеді, ал екіншісі мұны теріске шығарды. Олардың пікірлерінің дұрыс немесе бұрыстығын анықтау: **сүйек жасушалардан тұратындықтан, жасушалары үнемі бөлініп, сүйек ұзарып өседі, қанмен және жүйкемен қамтамасыз етілген**

## **Н**

Науқастың сүйектерінің сынғыш болу себебі: **сүйек құрамында минералды бейорганикалық заттардың мөлшері көп**

## **Т**

Тәжірибе кезінде сүйекті күйдіргенде сүйектің бастапқы пішіні сақталды да қарайды, бірақ қолмен ұстағанда сүйек бірден уатылып кетті. Сүйектің бірден уатылып кету себебі: **сүйек құрамындағы тек бейорганикалық заттар ғана сақталып қалды**

### **Мәнмәтіндік тапсырмалар**

## **Д**

Дуадақ мекендейді: **шөл, шөлейт далада**

Дуадақта не болмайды: **құйымшақ безі**

Дуадақтың ең кішкентай түрі: **безгелдек**

**Ж**

Жиекдуадақтың ерекшелігі..... жолақтың болуында: **мойынында қара**

**Е**

Ең үлкен ұшатын құс.....дуадағы: **Африка**

### **Мәнмәтіндік тапсырмалар**

Ашық тұқымды өсімдіктер тұқымнан көбейеді. Бұл ашық тұқымдылардың споралы өсімдіктерден негізгі ерекшелігі болып табылады. Ашық тұқымдылар бөліміне жататын өсімдіктердің барлығы сүректі өсімдіктер, яғни ағаштар, бұталар. Ашық тұқымды өсімдіктердің гүлі жоқ, сондықтан жеміс түзбейді. Бұл бөлімдегі ең көп таралған қылқан жапырақты өсімдіктер: қарағай, шырша, самырсын, арша. Бұлар қылқан жапырақтылар класына жатады. Кәдімгі карагай бірүйлі өсімдік, жары к сүйгіш, тамыры тереңге кетеді. Орманда өскен қарағай тұзу де сымбатты болады. Ашық далалы жерде өсетіндерінің діңі жуандап, сәл аласа болып келеді. Қарағай бұтағында әртүрлі бүрлер болады. Бүрлер жас өркеннің ұшында орналасады. Олар көктемде пайда болатын, үлкендігі 5 см-ден аспайтын қызғылт түсті аналық бүрлер. Аналық бүр негізгі өзекше мен оған тығыз жанасқан қабыршақтан тұрады. Жас өркеннің түбінде тығыз топтала орналасқан ұсақ, жасылдау түсті бүрлер болады. Бұлар аталық бүрлер. Аталық бүрлердің қабыршақтарының төменгі жағында тозаң түзілетін екі тозаң қапшықтары бар. Ауаға толы тозандар өте жеңіл болғандықтан, желмен өте алысқа ұшып таралады.

**А**

Аталық бүрлері мен аналық бүрлері бір өсімдікте орналасқандықтан қарағай: **бір үйлі өсімдік деп аталады**

Ашық тұқымды өсімдіктердің жемістері: **гүлдемейді, сондықтан жемістері жоқ**

Ашық тұқымды өсімдіктердің сүрегі: **сүрек ағаш діңінің су өткізгіш бөлігі**

**Қ**

Қарағайдың бүрлерінің ерекшелігі: **аналық, аталық бүрлері бір бұтақта болады**

Қылқан жапырақты өсімдіктер деп аталу себебі: **жапырақтары ине тәрізді жіңішке, ұшы үшкір болады**

### **Мәнмәтіндік тапсырмалар**

Кальций адам ағзасындағы өте маңызды микроэлемент екендігін ғалымдардың соңғы

зерттеулері дәлелдеді. Кальцийдің ағзада мөлшерден тыс аз болуы 150-ге жуық ауруларды тудырады. Сондықтан, кальцийді профилактикалық қабылдау аурудың алдын алу болып есептеледі. Адам ағзасында 1000-1200 грамм кальций болады, соның 99 пайызы сүйекте, тіс кіреукесінде, ал 1%-ы ішкі жасушада, қан құрамында маңызды рөл атқарады.

## **Е**

Ересек адамдарға тәулігіне 0,5кг кальций кажет болса, 1 кг кальций пайдалану керек, түзілген йондардың қанша % -ы ішек арқылы сіңеді: **50**

## **К**

Кальцийдің алмасуын реттейтін без: **қалқанша маңы безі**

Кальцийдің алмасуын реттейтін гормон: **паратгормон**

Кальцийдің жетіспеуінен пайда болатын ауру: **остеохандроз**

Кальцийдің сіңуі үшін: **D витамині**

## **Мәнмәтіндік тапсырмалар**

Ауыр металдар-қоршаған ортада көп мөлшерде түскенде организмді уландыратын металдар. Олар мына элементтер: қорғасын, сынап, мырыш, молибден, кадмий, марганец, қалайы, никель т.б. Бұл элементтер топыраққа түскенде өздігінен ыдырамайды. Олар топырақта жиналып, өсімдіктерге өтіп, әрі қарай биологиялық айналымға түсіп отырады. Егер сынап элементі суға түссе ол улы метилсынапқа айналады да, өсімдіктер организмінде жиналады. Биологиялық қоректік тізбек: топырақ-өсімдік-адам атмосфералық ауа арқылы адам организміне өтіп, оны ауруға шалдықтырады. Химиялық ластану — көміртегі өнімдері, күкірт, көмірсулар, шайыңды сулар, пестицидтер, гербицидтер, фторлы косылыстар, ауыр металдар, аэрозолдар. Биологиялық ластану — ауру қоздырғыш бактериялар мен вирустар, құрттар, қарапайымдылар, шектен тыс кабейіп зиян келтіретін жәндіктер.

1953 жылы Жапонияның Минамат деп аталатын шығанағыныңжағалауында тұратын балықшылардың және олардың отбасы мүіелерініңорталық жүйке жүйесі ауруымен ауырғандарының саны күрт өскен;аурулардың көру қабілеті нашарлап, аяқ-қолдары ұйып, жүріс-тұрысышатқаяқтап, сөздері түсініксіз бола бастаған. Олардың ішінде қаттыауырғандарының тіпті көздері мүлде көрмей, өліп кеткендері деболған.Кейін дәрігерлер мен ғалымдар Минамат шығанағына құйылғанхимия комбинатының ақаба суында сынаптың мөлшері өте жоғары болғанын дәлелдеген. Соның салдарынан шығанақтағы су өсімдіктері шіріп, улы метилсынапқа айналған.

**А**

Ауыр металл ерітінділері тағам құрамына түсу жолы: **топырақ-өсімдік-тағам-адам**

**Б**

Балықшылар ауруы: **минамата ауруы**

Балықшылар ауруына қандай ауыр металдардың әсері болуы мүмкін: **тағам құрамында улы метапсынап мөлшері көп**

Балықшылар ауруының себебі: **тағам құрамында ауыр металдар ерітінділерінің болуы**

**М**

Минамата шығанағы суында ластану: **химиялық ластану**

**Мәнмәтіндік тапсырмалар**

Бір қарағанда өте қорқынышты көрінгенімен, ормандағы адамдар бұларды өте жақсы көреді. Себебі көшпелі құмырсқа адамдардың бау- бақшасында еркінсіп, дәнді-дақылды ойрандап жүрген зиянды жәндіктің бәрін жылан жалағандай қылып әп-сәтте жеп тауысып кетеді. Олар бір айдың ішінде бір футбол алаңындай жердегі жәндікті түгелдей теріп жеп, ада қылады. Жүріп өткен жайлауына екінші мәрте қайта айналып соққанша адамдардың да бау-бақшасы жайқалып, көкөніс тамырлары жуандап қалады.

Жалпы Ұлық Алла барлық нәрсені өз орнымен, ессипен жаратқан ғой. Бұл құмырсқалар болмаса Африкадағы Джунглидің өзі жойылып кету қаупі бар. Себебі, оларсыз зиянды жәндіктер тоқтаусыз өсіп-өніп көбейіп, бүкіл ормандағы талдың тамыры мен жапырағын кеміріп тастар еді. Сондықтан «көшпенділер» жорыққа шығып, олжа іздегенде төбесі көк тіреген алып бәйтеректер оларға «қош келдіндер, бауырлар» деп, қуанысып тұрады. Осылайша Джунглидегі табиғи тепе-теңдік сақталып, ормандағы тіршілік құлпырып тұрады.

**Ә**

Әскер құмырсқаның басы жұмысшы құмырсқадан: **үлкен**

**Б**

Бунақденелілер класы: **жарғаққанаттылар отряды**

**Ғ**

Ғалымдардың зерттеуі бойынша құмырсқалардың денесі 20-дан астам амин қышқылынан,... минералдан тұрады: **80**

## К

Көбейе алмайтын аналық құмырсқалар: **жұмысшы**

## Т

Троттиктерде өмір сүретін құмырсқалар: **илеу салмайды**

### Мәнмәтіндік тапсырмалар

XX ғасырдың соңында биология ғылымының тарихында-маңызды оқиға болды. Шотландияның Эдинбург қаласындағы Росмин институтының профессоры Вильматтыңосы әйгілі тәжірибесінен кейін бұл тәжірибе басқа да әртүрлі жануарларға жасалған.

### Санжәне ғасыр

2004 жылы Америкада лабораторияда клондау жолымен адам баласын дүниеге әкелуге болады деген сенсация жариялады. Бірақ бұл жағдай қоғамда үлкен дау дамай туғызып, қатты қарсылықтарға ұшырады, дүнис жүзі ғалымдары бұл тәжірибені қолдамай наразылық танытты. Бұл жағдайдың қоғамда шу туғызу себебі: **адам баласы саналы әрі әлеуметтік нысан болғандықтан этихалық тұрғыдан алғанда адамға қолдануға болмайды**

## А

Ал кейбір ғалымдар клондау әдісінің болашақта адам үшін пайдасы да болуы мүмкін дейді. Мысалы қазіргі кезде медицинада адам мүшелерін трансплантациялауда донор табу қиыншылығы туындайды. Клондау әдісінің пайдалы болуы мүмкін жағдай: **адамның жүрегі, бауыры немесе бүйрегінің бір жасушасынан дәл сондай мүше жасап шығаруға болар еді**

## В

Вильмат тәжірибесінің аталуы: **клондау**

## К

Клондау дегеніміз организмнің (сомалық) жасушасынан өзінің дәл көшірмесі болып шығатын ұрпақ алу. Қазіргі гендік инженерияның жетістіктерінің бірі клондау әдісінің ойлап табылуы. Жануарлармен жүргізген зерттеулерде клондау әдісінің берген нәтижесі: **«Долли» қойының алынуы**

